



Автор: БИХАН БОЛАТ ЖАҚСЫБАЙҰЛЫ

Пән: География

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Халық географиясы

Тақырып: Демографиялық саясат

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.4.1.6 "демографиялық саясат" ұғымын түсіндіре отырып жекелеген дүниежүзі елдеріне қатысты демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар : • Дүниежүзі елдері халқына жүргізілетін демографиялық саясатты анықтау, талдау, демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсыну
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Елдердегі демографиялық саясат модельдерін жіктейді. (оқылым, айтылым, жазылым) Пәнге қатысты арнайы лексика мен терминология: Демографиялық саясат, модель Диалог құруға /жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Демографиялық дағдарыс елдері халқына қолданылатын демографиялық саясат..... Қытай және үндістан елдерінің халық санын реттеу үшін.....
Күтілетін нәтиже:	Оқушының жаңа тақырыпты толық меңгеруі.
Бағалау критерийлері:	Оқушылар: Әлем халқы санын реттеу үшін жүргізілетін демографиялық саясат түрлерін біледі, талдайды. Демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады
Құндылықтарды дарыту:	Бұл сабақ оқушыларды зерттеушілік қабілетін дамытуға, ой- өрісін кеңейтуге бағыттайды. топтық жұмыс кезіндегі ұйымшылдық, жауапкершілікке баулиды.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Тарих және құқық пәндерімен байланыс, гендерлік саясатты: ер адам және әйел адамдардың құқықтарының теңдігін айту барысында және кейбір елдерде еңбек құқықтары жөніндегі даулы мәселелерді әйел азаматтардың мүддесін шешілетіні туралы айтылады.
Бастапқы білім:	Оқушылар Халық географиясы тақырыбын «7.4.1.1 халықтың қоныстану заңдылықтарын анықтайды және түсіндіреді; 7.4.1.2 халық тығыздығын анықтайды және көрсеткіштеріне баға береді; 7.4.1.3 дүниежүзі халқының нәсілдік, этникалық және діни құрамын анықтайды және таралу аймақтарын картадан көрсетеді» оқу мақсаты бойынша оқыды. Оқушылар халықтың қоныстану ерекшеліктерін біледі, халықтың тығыздығын анықтай алады, нәсілдік, этникалық, діни құрамын ажыратып, сипаттама бере алады

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (15мин)</p>	<p>1. Ұйымдастыру кезеңі. Сыныппен сәлемдесу. 2. Тақтаға сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаттары көрсетіледі. 3. Сіз қалай ойлайсыз? сұрақтары беріледі (Ж) Демографиялық саясат жүргізу қажеттілігі қандай ойдан туындады? Демографиялық саясатты жүргізбесе болмай ма? 4. (Т) Мемлекеттердің демографиялық жағдайын анықтап, жүргізілген демографиялық саясат шараларын жіктеңіз. 1-топ. Ресей 2-топ. Франция 3-топ. Қытай 4-топ. Жапония Дескриптор Оқушылар -Мемлекеттің демографиялық ахуалын анықтайды -Мемлекеттің демографиялық шараларын жіктейді</p>	
<p>Сабақтың ортасы (20мин)</p>	<p>5.(Т) Елдердің демографиялық саясаттарын зерттеуге арналған сұрақтарға жауап беріңіз. Не себепті жүргізілді? ?-қаншалықты өзгерте алды? -қаншалықты қажет, қажет емес? Дескриптор Оқушылар <input type="checkbox"/> Елдердегі демографиялық саясаттың жүргізілу себепін анықтайды <input type="checkbox"/> Демографиялық саясат ахуалды қаншалықты өзгерте алды, талдайды <input type="checkbox"/> Демографиялық саясатты жүргізу қажет немесе қажет емес, пікірбілдіреді 6.(Т) Елдердің демографиялық саясатына баға беріңіз Дескриптор Оқушылар <input type="checkbox"/> Елдердегі демографиялық саясатын 2 жақты бағалайды 7.(Ж) Демографиялық саясат моделін ұсыныңыз. Жоспар немесе эссе түрінде Эссе 130-150 сөз көлемінде. Дескриптор Оқушылар <input type="checkbox"/> Демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады. Оқушылар бірін- бірі бағалайды. Мұғалімнің кері байланысы</p>	
<p>Сабақтың соңы (3мин)</p>	<p>сабақты қорытындылау</p>	
<p>Рефлексия (2мин)</p>	<p>Оқушылар сабақтың мақсаты бойынша, талдау жүргізеді. Бүгінгі сабақ мазмұны түсінікті ме? • Не түсініксіз? • Нені білгіңіз келеді? • Мақсатымызға жеттік пе?</p>	